

Технологиялық желілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру жөніндегі Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 138 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 30 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5656 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 439 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.09.25 № 439 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңы 4-бабының 2-тармағының 7-тармақшасын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған технологиялық желілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру жөніндегі Ереже бекітілсін.

2. "Алкогольді өнім өндірудің көлемін автоматтандырылған есептеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті Төрағасының 1998 жылғы 24 қарашадағы N 52 бұйрығының (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 753 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін және оны заңнама белгіленген тәртіпте бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға шаралар қабылдасын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр Б. Жәмішев
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы М и н и с т р і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 с ә у і р д е г і
N 1 3 8 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Технологиялық желілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру жөніндегі ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. Осы технологиялық желілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру жөніндегі Ереже "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңы 4-бабының 2-тармағының 7-тармақшасына сәйкес алкоголь өнімін өндіру көлемін тиімді есепке алу мақсатында әзірленген.

2. Алкоголь өнімін өндіру кезінде автоматты түрде есепке алудың мақсаты мен қажеттігі

2. Алкоголь өнімін автоматты түрде есепке алудың мақсаты ақпаратты кейіннен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне бере отырып алкоголь өнімін жасап шығару көлемін үздіксіз өлшеу және бақылаулық есепке алу болып табылады.

Алкоголь өнімін құю бойынша технологиялық желілер алкоголь өнімін өндіру процесіне үздіксіз бақылау жүргізетін автоматты жүйесі арқылы алкоголь өнімін жасап шығару көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есепке алуды бақылау аспаптарымен (бұдан әрі - ЕАБА) жарақтандырылады.

3. Алкоголь өнімін автоматты түрде есепке алу мынадан тұратын ЕАБА-мен жүргізіледі:

- 1) сұйықтық ағысын көлемдік шығысөлшегіштен;
- 2) дайын алкоголь өнімін даналап есепке алу аспаптарынан (N 1 және N 2 дайын алкоголь өнімін есептегіштер);
- 3) ақпаратты өңдеу блогінен (бұдан әрі – АӨБ);
- 4) ақпаратты қашықтықтан беру үшін телефондық модемнен (жеке абоненттік нөмірмен);
- 5) үздіксіз қоректендіру көзінен;
- 6) бағдарламалық қамтамасыз етуден.

3. ЕАБА-на қойылатын негізгі талаптар

4. ЕАБА қабылданған ақпаратты жинауды, сақтауды, беруді (индикаттау), қашықтықтан беруді және өңдеуді жүзеге асырады және мынадай негізгі талаптарға жауап береді:

- 1) көлемдік шығысөлшегіш қысым резервуары мен құю автоматын қосатын

труба құбырда құю автоматына барынша жақын көлбеу учаскеде орнатылады. Осы прибордың фланеці мен құю автоматының жалғастырушы фланецінің арасында труба құбырының аралық фланецтеріне өлшемдерге жол берілмейді.

2) көлемдік шығысөлшегіштің жол берілетін ақаулығы $\pm 0,5\%$ -ті құрайды;
3) спирттік, сулы спирттік ерітінді және құрамында қанты қоймалжың ортада көлемдік шығысөлшегіш жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етеді;

4) көлемдік шығысөлшегіш өрт қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келеді;
5) қысымдық резервуарды құю аппаратымен жалғастырушы труба құбырының, сондай-ақ тиек арматурасының, сүзгілер мен осы труба құбырына орналасқан құрылғылардың диаметрлерінің қимасы көлемдік шығысөлшегіштің диаметрінен үлкен болады;

6) желіні қоректендіретін ең төменгі гидростаттық қысым көлемдік шығысөлшегішке қарағанда 0,5 метрді құрайды;

7) дайын өнімді даналап есепке алу аспаптарының біреуі автоматты түрде өнім құйылып, шөлмектердің аузын жапқаннан кейін тікелей өнімді есепке алуды жүргізетіндей етіліп (N 1 дайын өнімді есептігіш (бұдан әрі - N 1) есептегіш), басқасы - дайын өнімнің қоймасының алдында (N 2 дайын өнімді есептігіш (бұдан әрі - N 2) орнатылады;

8) дайын өнімді даналап есепке алу аспаптарының жол берілетін ақаулығы $\pm 0,1\%$ -ті құрайды (әрбір 10 000 шөлмекке 10 шөлмектен көп емес);

9) ЕАБА аспаптарының қызмет көрсету мерзімі техникалық паспортта көрсетілген қызмет көрсету мерзімінен аспауы тиіс;

10) ЕАБА жұмысының температуралық режимі 0-ден 40⁰ С-қа дейін құрайды ;

11) зерденің сыйымдылығы өспелі көрсеткішпен қамтамасыз етеді;

12) ЕАБА жұмысының режимінде кідірістер болған жағдайда және де оның алмастыру барлық жиналған ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді;

13) рұқсатсыз қол жеткізуден қауіпсіздік жүйесінің бар болуы (код, кілт, пломба, голографиялық жапсырма);

14) кідірістерден және сыртқы әсерлерден қорғаулы болу (қуатты қайтарғыш, үздіксіз қоректендіру көзі), апатты кідірістер жағдайында электрмен жабдықтаудағы автономды жұмыс істеу ұзақтығы 3 күннен кем емес;

15) ЕАБА техникалық паспорты, пайдалану жөніндегі нұсқаулық және сәйкестік сертификаты болады;

5. Көлемдік шығысөлшегіш (киістірме жалғамалар) орнатылған орын, ақпаратты өңдеу блогінің қалқаны, дайын өнімді даналап есепке алу аспаптары рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау үшін облыстар, Астана мен Алматы

қалалары бойынша сәйкес салық департаменттер қызметкерімен пломбыландырылады.

4. ЕАБА-да пайдаланылатын аспаптардың түрлері

6. Алкоголь өнімінің көлемін өлшеу үшін магнитті-индуктивтік, жалпы, кариолистік және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне кірген көлемдік шығысөлшегіштер қолданылады.

7. N 1, N 2 түрі мен оның жетілдірілген түрлерін таңдау кезінде оның шартты өту жолының диаметрінің сәйкестігін, алкоголь өнімін құюдың технологиялық желісінің өнімділігін және қысым резервуарының құю автоматына қатысты орналасқан биіктігін ескеру қажет.

8. N 1, N 2 түрлері электронды-механикалық (жұлдызшалар) және де өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне кірген электронды-сәулелік орындалған болады.